

І ТУЫ

ІТІНІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЫ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

март Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйып.

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің социалистік жарысын барған сайын кең өрістетіп, олардың еңбектегі творчестволық күш-жігерін үнемі қолдай отырып, алда тұрған саяси-шаруашылық міндеттердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету — облыстың партия, совет, комсомол ұйымдарының аса маңызды міндеті.

ТУЫН

ковхоздарда, әсіресе, таев және Ленин ауырлық әлі аяқталған тия, совет ұйымдары пылық құрал-сайымдарын, тұқым қорын, мұқыят әзірлеуді мдастырмады, егіске рдің творчестволық ыте алмады. Колхоз, статуды өткізудегі де осы себептерден атап көрсету ке-

күш -мүмкіншілік- дей бола тұрса да, а жетіп отырған ТС-тер жоқ емес. ытернационал, Майба- МТС-тері машина жұмыстарына мерзі- рын әзірлеп қойды. басшыларымен пар- механизаторлар ара- оциалистік жарысты еңбек өнімділігін ың сапасын жақсар- ұралына айналды- Егер социалистік

ССРО Жоғарғы Советінің мәжілістері

Одақ Советінің 1952 жылғы 8 марттағы мәжілісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

8 мартта, таңертеңгі сағат 11-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советінің үшінші мәжілісі болды.

Председательдік етуші — Одақ Советінің Председатели депутат М. А. Яснов.

Одақ Советінің мәжілісінде ССРО-ның 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және ССРО-ның 1950 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Жарыссөзде сөйлегендер: депутат М. Ю. Шумаускас (Литван ССР, Алитуск округі), депутат С. Бабаев (Түркмен ССР, Ташауыз округі), депутат А. Сүйерқұлсв (Қырғыз ССР, Тянь-Шань округі), депутат А. Б. Аристов (Брянск округі), депутат А. Алимов (Өзбек ССР, Самарканд округі), депутат П. А. Коноров (Мордва АССР, Краснослободск округі), В. Г. Жаворонков жолдас (ССРО сауда Министрі), депутат А. Н. Егоров (Брянск облысы, Брянск округі).

Бұдан кейін Одақ Советі ССРО-ның 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және ССРО-ның 1950 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөзді тоқтату жөнінде қарар қабылдайды және ССРО финансе Министрі А. Г. Зверев жолдастың қорытынды сөзін тыңдады.

Депутат Л. Р. Корниетің ұсынысы бойынша Одақ Со-

Ұлттар Советінің 1952 жылғы 8 марттағы мәжілісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

8 мартта, кешкі сағат 6-да, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Ұлттар Советінің үшінші мәжілісі болды.

Председательдік етуші — Ұлттар Советінің Председатели депутат Ж. Шаяхметов.

Ұлттар Советінің мәжілісінде ССРО-ның 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және ССРО-ның 1950 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Жарыссөзде сөйлегендер: депутат В. Г. Цховребашвили (Грузин ССР, Хашур округі), И. А. Бенедиктов (ССРО ауыл шаруашылығы Министрі), депутат Н. Додхулов (Горно-Бадахшан автономиялы облысы, Мургаб округі), депутат М. М. Алиев (Азербайжан ССР, Лачин округі), депутат В. В. Кузнецов (РСФСР, Сталинград округі), депутат Ф. З. Загафуров (Башкүрт АССР, Белорецк округі), С. М. Тихомиров (ССРО химия өнеркәсібі Министрі), депутат В. А. Протодьяконов (Якут АССР, Булун округі).

Бұдан кейін Ұлттар Советі ССРО-ның 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және ССРО-ның 1950 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөзді тоқтату жөнінде қарар қабылдайды және ССРО финансе Министрі А. Г. Зверев жолдастың қорытынды сөзін тыңдады.

Депутат И. С. Хохловтың ұсынысы бойынша, Ұлттар Со-

Көлікті қамшымен емес, жеммен айда!

☆

Жұмыс малдары қонды

Колхоздың іріленуіне байланысты шаруашылықта жұмыс малдарының күшімен жүргізілетін жұмыс та көп. Сондықтан жұмыс малдарының ойдағыдай күтілуіне ерекше көңіл бөліп отырмыз.

Біздің колхозда 200 өгіз және 70 жұмыс аты бар. Бұлардың қоны жақсы, қоны төмен бірде-бір ат, яғни өгіз жоқ. Жұмыс аттары түгелінен дерлік ерекше күтімде тұр. Олардың өрқайсысына күн сайын 3 килограмнан сұлы беріп жүрміз.

Жұмыс малдарының жайы, әсіресе №2 егіс бригадасында көңілдегідей болып отыр. Мұнда 56 өгіз, 17 ат бар. Бригадир М. Штеменко жолдас жұмыс малдарының күтілуін күн сайын бақылап отырады. Ат күтуші А. Әлиев, өгіз күтуші Ш. Расуханов жолдастар өз жұмыстарын сүйсіне істеп, адал еңбек етуде. Олар дама жұмыстары басталғанша жұмыс малдарының қонын ортадан жоғары семіздікке жеткізуге міндеттеніп отыр.

Жұмыс өгіздері қай бригадада болса да аздап жегіліп жүр. Бірақ, оларды кезекпен жегіміз. Демек, бір күн жегілген өгіз 3-4 күн дем алады. Мұндай тәртіппен жегілген малдың қоны ешуақытта

айқымдерінің сапасы төмен болғандықтан, тұтынушылар оларды сауда орындарынан сатып алмайды. Бұл кемшілік артель басқармасының, бастауыш партия ұйымының коллектив арасында жұмыстың әрі сан, әрі сапа жағынан бірдей ойдағыдай орындалуы жолында социалистік жарысты ұйымдастырмауының салдарынан болып отыр. Ал, «Деревообделочник» артелі мен таразы заводында, тіпті, социалистік жарысты ұйымдастыру туралы айтпағанның өзінде, үстіміздегі жылға арналып жаңа социалистік міндеттемелер де әлі алынып болмай отыр.

Осы сыяқты, кәзірідей ең шешуші және аса жауапты кезеңде облыстың, ауыл шаруашылығында да кейбір елеулі кемшіліктер орын алмай отырған жоқ. Көктемде егіннен мол өнім алудың берік негізін қалау оған қысқы әзірлікке байланысты екені жалпыға түсінікті. Бірақ,

се ісі деп қарауға болмайды, — дейді Сталин жолдас. — Социалистік жарыс миллиондаған еңбекшілердің творчестволық бастамасына сүйенетін өзара сынның — бұқараның іскерлік революциялық өзара сынының белгісі болып табылады. Ғімде кінім бұл өзара сынға және бұқараның бұл творчестволық бастамасына саналы түрде болсын, санасыз түрде болсын қысым жасаса, — ол біздің ұлы ісімізге кедергі деп табылып, жолдан сынырылып аулақ тасталсын».

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің социалистік жарысын барған сайын кең өрістетіп, олардың еңбектегі творчестволық күш-жігерін үнемі қолдай отырып, алда тұрған саяси шаруашылық міндеттердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету — облыстың партия, совет, комсомол ұйымдарының аса маңызды міндеті.

— 00 —

Түркмен Бас каналы аймағындағы құмдарға ағаш отырғызу

ТАШАУЫЗ. (СОТА). ССРО Орман шаруашылығы Министрлігінің Ташауыздағы жергілікті басқармасы Көне Үргеніш пен Ташауыз орман шаруашылықтары және Ленин орман қорғау станциясы аудандарындағы құмдарды тұрақтыландыру және ағаш отырғызу жөнінде техникалық жоба алды. Бұл жоба көгал жер ішіндегі құмдардан 220 мың гектар жердің құмын тұрақтыландыруды және көптеген мың гектар жерге ағаш отырғызуды көздейді.

Тельман ауданында ағаш отырғызуға

әзірлік жүргізілуде. 200 гектарлық участка март айында терек, емен, ырғай тағы басқа ағаштардың шыбықтары егіле бастайды.

Орман шаруашылықтарында көшпелі құмдарда механика жолымен қорғану және ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Ағаш отырғызылатын жерлер әзірленуде, өрік ағаштарының тұқымдары дайындалуда. Каналдың екі жақ жағалауын жағалай 100 метрлік орман алқабын жасауға әзірлік жүргізілуде.

Трактор жұмыстарының барлық түрлеріне сағаттық график қолданылуда

НОРАШЕН, (Азербайжан ССР) Норашен МТС-інде жазда мақта егісінің қатаралықтарын өңдеу жұмысында сағаттық графикті қолданған озат тракторшылардың жұмыс тәжірибелері қорытылды. Трактор жұмыстарының барлық түрлерінде сағаттық графикті қолдану ұйғарылды. Көзір барлық трактор бригадалары осы прогрессивтік стахановтық әдіс бойынша жұмыс істейтін болды.

Рагимовтың бригадасы мақта егісін мақта себер алдында өңдеу жұмысын график

бойынша жүргізуде. Егіс бригадаларының мүшелері жанармай және су жеткізуде, машиналарға май мен су құюда механизаторларға көмек көрсетіп келеді. Көктем егісіне арналып график жасалды.

Сағаттық график аркасында тракторлардың пайдалы жұмыс уақыты күн тәулігіне кем дегенде 20 сағатқа жетті. Көптеген тракторшылар сменалық тапсырмаларын 120—150 процент және одан да асыра орындайды. (СОТА).

Министрі етіп тағайындау туралы;

Павел Николаевич Кумининді — ССРО Сыртқы сауда Министрі етіп тағайындау туралы;

Сергей Александрович Степановты — ССРО ауыл шаруашылығы машиналарын жасау Министрі етіп тағайындау туралы;

Николай Николаевич Беспаловты — ССРО Министрлер Советі жанындағы искусство істері жөніндегі Комитеттің Председателі етіп тағайындау туралы;

Дмитрий Васильевич Павловты — ССРО Министрлер Советінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен жабдықтау жөніндегі Мемлекеттік Комитетінің Председателі етіп тағайындау туралы.

Бұдан кейін Одақ Советі ССРО Жоғарғы Советі Президиумының «Ауылшаруашылық салығы туралы Заңның жекелеген өзгерістері туралы» Указын бекітті.

Одақ Советінің мәжілісі осымен аяқталды.

Озат машинист

Барабинскийдің жаңашыл машинисі Сергей жолдастың иі бастамасын қолдай отырып, Петропавл жол бөлімшесінің бес жүзінші машинистері өз локомотивтерімен тәулігіне тонна-таза жүк километр жөнінен жоғары көрсеткіштерге жету жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. СО — 2604 паровозының машинисі Александр Кочешков жолдас деподағы үздік машинистердің бірі. Антон Слюнькомен социалистік жарысқа ұштаса отырып, әрбір сапарға шыққан сайын өзінің жаңа бастамаға сай алған міндеттемелерін артырымен орындап жүр.

ССРО жол қатынасы Министрлігі мен Темір жол транспорты кәсіподақтарының Орталық Комитеті осындай жақсы нәтижелерге жеткені үшін Кочешков жолдасқа еліміздің темір жол жүйесінің үздік машинисі деген атақ берді.

Бұл күндері бесжүзінші машинистер Курочкин, Сергеев, Хухлов және Кушнарев жолдастар да локомотивтердің пайдалы жұмысын арттыра түсу ісінде көрнекті табыстарға жетіп келеді.

А. БАТЫРОВ

Еңбек қарқыны арта

ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы құрметіндегі социалистік жарыс кәсіпшілік артелі мүшелерінің арасында зор өрлеу тұрғызды. Біздің барлық күш-құмықыншілігіміз көпшілік қолды тұтыну заттарын көптеп және жоғары сапалы етіп шығаруға жұмылдырылды. Сөйтіп, бұл жөнінде алған міндеттеміз күн сайын, апта сайын аброймен жүзеге асырылып келеді.

Февраль айында өнім шығару жөніндегі тапсырма 113,8 процент орындалса, март айының алғашқы онкүндіінде де міндеттемізге сай жұмыс істедік. Бұл аптада артельдегі 7 цехтың бәрі бірдей нормаларын орындап шықты. Әсіресе, Александра Савельева басқарған үлгілі киімдер тігу цехының коллективі алда келеді. Мұнда өнімнің сапасыздығына жол беру сыяқты кемшіліктер мүлдем жойылған. Жаңалық бастамаларды өз ісінде тынықтылықпен қолдана білген цех тігіншілері тек киім пішудің өзінен өткен екі ай мерзім ішінде 300 метрден аса мата үнемдеді. Мұның өзі әйелдер үшін арнаулы әсем үлгідегі 60 қойлекеректер үшін 40 пар ішкі киімдер тігуге жетеді.

Материалдар Таясья Садамлерге жетіп асынан ұсақ кымдардың өз ырылғаннан әл сыяқты, маст цева жолдаст териалдардың отырады.

Сессия құр өнімнің өзінді плексті өдісін бөледі. Бұл і парлаушылар, шілер бірмесе

Осының ба кейбір елеулі көмектесті. Е табыстарды б табыстарға ж сессия қарсаң толық кеңі ыдан да арт

«1 май» а

Ы

ИНЦИДЕНТ

жолдас лекциялық
тәркеменер жұмыс
комсомол комитетінің
қарағандығын атап

жарыссөзде 14

нің инженері Кузь-
секретары Качалов
түшелерінің комсо-
л қол үзіп кеткен
байланыс жасай
сынады.

комсомол ұйымының
жолдас былай деді:
комсомол ұйымында
е тұрады. Бірақ,
активтің арасында
өте-мөте нашар
-тен аса комсомо-
тылмаған.

ысқаша күрсін»,
бірбаянның үйрену
н саяси мектептер-
н сапалы жүргізіл-
н даярлығы төмен,
н рді тыңдаушылар-
йды.

кондуктор резер-
ұйымының секре-
ндеу цехы баста-
ының секретары
раптық комсомол
секретары Качалов
мен жастар ара-
хат жұмысын дү-
дығы үшін қатты

10 Петропавл қа-
секретары Кәрімова
раптық комсомол
ғы кемшіліктеріне
комитеттің секр-
ің комитет мүше-



Советтік Қазақстанда. Қарағандыдағы шахтерлар мәдениет Сарайының көрінісі.
(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

А Н А

Бір сөз бар: барлық сөзден ең салмак-
ты,

Ең асыл, ең қымбатты, махаббатты.
Ол—Ана. Ана десен бар ойыңды
Әкетер билеп сезім ыстық, тәтті.

О, Ана! Қандай сенің қойның ыстық,
Сенен туып өрбідік, сенен өстік.
Тенеп саған ұлы Отан —ССРО-ны
Жандай сүйдік сені ана, сені құштық.

Мактаның өмір гүлі—жұлдызыңыз,
Мындаған, миллиондаған ұл-қызыңыз,
—Ақпейіл ана Сіздің алдыңызда,—
Дейді,—олар,—мәңгілік біз борыштымыз

Еске алу ойыма жоқ күнінді өткен
Қайғы мен қасірет жеп, азап шеккен
Әкелген саған бакыт, ардақты ана,
Жарқырап Октябрыдей туған көктем.

Өмірдің төрінде сен құрметті ана,
Бөленген өшпес данкқа, бағанды ала.
Сол үшін көп алғыс айт жүрегіңнен
Кеменгер Сталинге —ұлы адамға.

Ол адам адамзатқа болып қорған,
Бейбітшілік қамалын берік құрған.
Сактайды ол сені де, дүниені де
Қанқұйлы трумэндер мазағынан.

Рахметолла УӘЛИЕВ.

Мектеп коллективтерінің кейбір міндеттері туралы

Облысымызда оқушыларға сапалы бі-
сындағы 940 бала мектепке тартылмады.

Матиас Ракошидің 60 жылдығы
Будапештегі салтанатты мәжіліс

БУДАПЕШТ, 8 март. (СОТА). Бүгін
Будапеште Венгер еңбекшілері партиясы-
ның Бас секретары, венгер халқының
көсемі Матиас Ракошидің 60-жасқа то-
луына байланысты Венгер еңбекшілер
партиясының Орталық Комитеті, Минис-
трлер Советі және Венгер еңбекшілер пар-
тиясының Будапешт қалалық комитеті
шақырған салтанатты мәжіліс болды.

Венгер еңбекшілер партиясының Сая-
саттық Бюросы мен секретариатының мү-
шелері, венгер үкіметінің мүшелері және
қоғам ұйымдарының өкілдерімен бірге
Матиас Ракоши президиумға келгенде
жұрт оған құрмет көрсетіп, ду қолшапа-
лақтаумен қарсы алды. Жыйналысты
Венгер Халық Республикасының Министр-
лер Советінің Председателі П. Доби ашып,
Матиас Ракошиді құттықтап, оның жаңа
Венгрияны құрудағы орасан зор еңбегін
атап көрсетті.

—Бұл мереке, деді,—П. Доби,—хорист
реакциясының тұтқынынан Ракоши жо-
дасты сақтап қалған ұлы Сталинге деген
біздің сүйіспеншілігіміз бен құрметімізді
бұрынғыдан да күшейте түседі.

Бүкіл зал орнынан тұрып, ұлы Ста-
линнің құрметіне овация жасады.

Венгер еңбекшілер партиясы секрета-
риаты мен Саясаттық Бюросының мүше-
сі Эрне Герә баяндама жасады.

Герә Матиас Ракошидің 60 жылдығын
мерекелеу Венгрияда бүкілхалықтық қоз-
ғалысқа айналып және еңбекшілер бұл
күнді еңбекте жаңа табыстармен атап
өтуде деп көрсетті.

Мұнан кейін Ракошидің атына бірне-
ше елдердің жұмысшы және коммунист-
тік партияларынан түскен телеграммалар
оқылды. БК(б)П Орталық Комитетінің
Матиас Ракошиге жіберген телеграмма-
сында былай делінген:

**Венгер еңбекшілер партиясының
Бас секретары Матиас РАКОШИ жолдасқа**

Совет Одағы Коммунистік Партиясы-
ның Орталық Комитеті жұмысшы табы-
мен шаруалардың ісі үшін табанды күрес-
кер, Венгер еңбекшілер партиясының жа-
лынды басшысы және ұйымдастырушы-
сы, халықтар арасындағы бейбітшіліктің
көрікті қорғаушысы Сізді алғыс жасқа
толған күніңізбен шын жүректен құттық-
тайды.

Венгер халқының игілігіне өз жұмы-
сыңызда жаңа табыстарға жетіп, Сіздің
сау-сәлемет болуыңызды тілейміз.

**Совет Одағы Коммунист Партиясының
Орталық Комитеті .**

Совет Одағының большевиктік партия-
сының және оның көсемі ұлы Сталиннің
құрметіне қайтадан овация жасалды.

Мұнан кейін Матиас Ракошиді жұмыс-
шылар мен шаруалардың, пионерлер мен
жастардың, Венгер Халық Республикасы-
ның Қарулы Күштерінің делегациялары
құттықтады.

Мәжілістің соңында Матиас Ракоши
сөйледі.

Ракошидің сөзі ду қол шапалақтаумен
қарсы алынды.

Салтанатты мәжілістен кейін үлкен
концерт болды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 8 март. (СОТА). Корея Ха-
лық-Демократиялық Республикасы Халық
Армиясының Бас командованиясінің бүгін

ды адам күші және техника жағынан
шығындарға ұшыратты.

Бүгін жау самолетін аңдып атқыштар

Әбделердің аудандық кеңесі болып өтті. Кеңеске қатысушыларға бірнеше баяндамалар мен лекциялар оқылды. ҚК(б)П аудандық комитеті әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімнің меңгерушісі

мысын жақсарту шаралары жөнінде» баяндамалар жасады. ҚК(б)П аудандық комитетінің насихатшысы Чударов жолдас Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мызғымас туысқандық достық туралы лекция оқыды.

пионер сабақты толық үлгерді.

Мектептеріміздің жұмысында кемшіліктер де бар. Бірінші жартыжылдықта болған жетістік кемшілік — облыс көлемінде жетіжылдық міндетті оқу заңы толық орындалмады. Облыс көлемінде оқу жа-

тәрбие жұмыстарының жақсара түсуін және оқу жылының табысты аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.

А. СЕЙІТБЕКОВ,

облыстық оқу бөлімінің мектеп секторының меңгерушісі.

февраль күні жан жасасу үшін бүкіл қозғалысын өткізу конференциясы бо-

Өндіріске жаңалық әдістерді батыл енгізу керек

Москвалық жаңашыл инженер Федор Ковалев ғылыми жағынан негізделген, стахановшылардың іс тәжірибесін дұрыс және жоспарлы түрде өндіріске жаппай енгізу жөнінде бағалы ұсыныс жасады. Бұл әдісті қолдану еңбек өнімділігін арттыруға және тапсырмасын толық орындамайтын жұмысшылар санын кемітуге мүмкіншілік берді. Қала кәсіпорындарында еңбектің жоғары өнімді әдістеріне 700-ден аса жұмысшылар үйретілді, осының нәтижесінде қала өнеркәсібі бойынша еңбек өнімділігі өткен жылы 6,6 арттырылды.

Қала кәсіпорындарында өнімді тек қана жоғары сапалы етіп шығару жөніндегі жарыс та едәуір дәрежеде өрістетілді. Қалада мінсіз сапалы өнім шығарушы бригада атағын алу үшін 446 бригада ұйымдастырылып, социалистік жарысқа ұштастырылған болса, олардың ішінен 200-ге жуығына істе қол жеткен табыстары үшін мінсіз сапалы өнім шығарушы бригада деген атақ беріліп отыр.

Бір Киров атындағы заводтың өзінде ондай бригадалардың саны 28-ге жетеді. Мұнда слесарьлардың Гаврилов жолдас басқарған бригадасы өз жұмысын бүгінгі талаптарға сай, тыңғылықты ұйымдастыру нәтижесінде өнімді тек қана жоғары сортты етіп беруге жетісті. Сонымен қатар, заводтың 60-тан аса жұмысшысы әрбір өндірістік операцияны жоғары сапалы атқару үшін күресуде. Сөйтіп, жа-

водта өнімде кездесетін ақау 1950 жылғыға қарағанда 32 процент кеміді.

Шағын двигательдер зауытында статистикалық әдісті қолдану және өнім сапасын жақсарту жолындағы күресті күшейту нәтижесінде ақау кездесу салдарынан болатын шығындар 30 процентке дейін азайтылды.

Алайда, озат тәжірибелерді өндіріске енгізуде және таратуда бірқатар табыстарға қолжетуімен қатар, жекелеген кәсіпорындарында бұл іске әлі де болса жете көңіл бөлінбей келе жатқандығын айта кетуіміз керек. Бірқатар партия ұйымдары жаңашылдардың бастамаларын маусымды науқан ретінде бағалайды да, онымен байыптылықпен шұғылданбайды.

Аяққым фабрикасының коллективі алғашқыда Александр Чуткихтің бастамасына ойдағыдай үн қосты. Көптеген бригадалар тек қана жоғары сапалы өнім шығарып жүрді, өнімнің қайта өңдеуге берілуі қысқартылды, фабрика өнімдерінің сапасына сауда орындары тарапынан кінә қою өз дәрежесінде азайған сияқты болды. Бірақ, бірнеше ай өткеннен кейін фабриканың партия ұйымы бригадалардың жарысына басшылық жасаудан аулақтай бастады. Сондықтан олардың бірқатары тіпті өздерінің тапсырмалары да орындамайтын болды. Әсіресе, қазіргі уақытта мұнда өнім сапасы нашар.

«Комсомолка» тігін фабрикасының партия ұйымы бір кезде инженер Ковалевтің бастамасын өндіріске енгізу жө-

нінде елеулі жұмыстар істеді. Таңдаулы стахановшылардың жұмыс күнінің толық фотографиясы да жасалды, еңбектің ең тиімді әдістері зерттелді. Ол әдістер стахановтық мектептер арқылы таратыла бастады. Кейіннен өнімнің өзіндік бағасын кеміту жолындағы социалистік жарыстың ұйымдастырылуына байланысты партия ұйымы инженер Ковалевтің әдісін өндіріске байыптылықпен енгізіп, дамыта беруді мүлдем есінен шығарды. Мұндай науқаншылық соңғы кезде фабриканың 100-ден аса жұмысшыларының еменалық тапсырмаларын үнемі орындай алмауына әкеліп соқты.

Облыс кәсіпорындарында, әсіресе, артельдер мен өндіріс комбинаттарында жаппай ұйымдастырушылық жұмысты жүргізудің орнына, жекелеген озаттардың маңайында шу көтеру сияқты біржақтылық та кездеседі.

Ол-олма, жекелеген кәсіпорындарының басшылары мен партия ұйымдарының секретарьлары инженер Ковалевтің әдісін өндіріске енгізуді ұйымдастыру былай тұрсын, тіпті олардың өздері бұл бастаманың маңызын түсінбейді десе де болады. Мәселен, таразы зауытының, «Главмука» және «Сельхозмука» завод басқармалары кәсіпорындарының басшылары бұл бастаманы өз өндірісіне енгізуге болмайды деген теріс ұғымда жүр.

Киров атындағы заводта машиналар мен құрал-жабдықтарды жұмысшыға социалистік сақтыққа бергенде, бұл арқылы оның қаншалықты пайда келтіретіндігі есепке алынбаған. Ал, «Главмука» завод басқармасының кәсіпорындарында машиналарды сақтыққа алудың документтері де жасалмаған, те-

мекі фабрикасы, таразы зауыты, баспахана мен Сталин атындағы артель сияқты кәсіпорындарында бірде-бір станок сақтыққа алынған жоқ.

Соңғы кезде кеңінен өрістетіліп отырған жаңалық әдістердің бірі — «Буревестник» фабрикасы стахановшыларының бастамасы. Бірақ, кейбір кәсіпорындарының басшылары бұл жөнінде жарысты ұйымдастыруға жоспарлау бөлімі қызметкерлері мен бухгалтерлерді қатыстырмайды. Мәселен, нан комбинатында өнімнің өзіндік бағасының кемітілуін шикізаттардың үнемделуі есебінен ғана шығарады. Онда белгілі бір операциядағы өнімнің өзіндік бағасының кемітілуін, құрал-саймандардың, майлау және сүрту материалдарының жұмсалудың, еңбек өнімділігінің арттырылуын есепке алмайды.

Мұндай кемшіліктердің барлығы жекелеген кәсіпорындарында партия ұйымдарының өндіріс мәселелерімен жете шұғылданбауының, озаттардың күнбе-күнгі жұмысына көңіл бөлмеуінің салдарынан болып отыр.

1952 жылдың мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындау еңбек өнімділігінің арттырылуына тікелей байланысты. Ал, бұл үшін кәсіпорындағы әрбір шаруашылық басшы, әрбір партия ұйымы жаңалық, озат прогресшіл бастамаларды дертезінде көріп, өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін мұқият зерттеп кең таратуға үнемі көңіл бөліп отыратын болулары керек.

М. ЯКОВ,

ҚК(б)П обкомі өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ПАРИЖ, 8 мар
Пресс агенттігінің Антуан Пиней үкімі бүгін республика Ориольге тапсырған. Үкімет құрамына трлер советінің премьер-министрі — Антуан

ТЕГЕРАН, 7 мар
да Ирандағы амер сыртқы істер министр, екі рет (3 және сәлдікпен әнгімелесі Иран үкіметіне. А тарты тарапынан «с латынды күшпен т шекте американ е

«Главкинопро мыздың кино-теа

атты жаңа
Сценарийі —
Қоюшы — Се
Режиссерлар:

Пржевальский
Роборовский
Егоров — Б.
Телешев — Г.

Кино

«УДАРНИК» кино-

«ПРЖЕВА

Сеанстар 6-8-10-да

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторы партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс ет